

ӘОЖ 378:005.52 (574)

¹А.А. Елеусов*, ²Н.Ш. Альжанова¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: ansh13@mail.ru

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің жағдайын талдау

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру жүйесі 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа арнада қалыптаса бастады. Жоғары мектеп жүйесі әсіресе 1995 – 2005 жылдар аралығында қарқынды өзгерістерге түсті. Осы жылдар аралығында жоғары білім беру жүйесінде жекеменшік оқу орындарының қатары күрт өсіп бәсекелестік орта пайда болды. Жоғары білім беру нысандар санының өсуі білім беру қызметінің сапалық көрсеткіштеріне әсерін тигізді. 2005 жылдан бастап мемлекет тарапынан жоғары оқу орындарының санын оңтайландыру шаралары жүргізіле бастады. Атап айтқанда бірыңғай ұлттық тестілеу, аралық мемлекеттік бақылау және оқушылардың білім жетістігін сорттай бағалау. Бұл шаралар білім сапасын бағалауда өзінің оң нәтижелерін көрсетті. Жалпы жоғары білім беру нысандарының санын оңтайландыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып тұр. Бұл мақалада осы қалыптасқан мәселені шешудегі мемлекеттік реттеу тетігін жетілдіру жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер: жоғары оқу орны, білім беру жүйесі, білім сапасы, кәсіптік білім.

A. Eleusov, N.Sh. Alzhanova

An analysis of Higher Education in the Republic of Kazakhstan

The higher education in the Republic of Kazakhstan started to develop in a new form since the state independence in 1991. The higher education system began to engage in rapid change from 1995 to 2005. In this period, the number of private schools rapidly grew and the competition condition among higher schools began to appear. The growing number of higher educational institutes began to influence education quality. A state control over the number of higher educational institutes was launched in 2005. Namely, United State Testing, midterm state monitoring and classifying students knowledge achievement. These means showed positive result in their senses. However, optimizing the number of higher educational institutes is still a vital issue nowadays. A state function aimed at solving this established situation is presented in this article.

Key words: Higher educational institutes, education system, education quality, professional education.

А. Елеусов, Н.Ш. Альжанова

Анализ состояния системы высшего образования Республики Казахстан

Система высшего образования Республики Казахстан с 1991 года, после получения независимости, начала формироваться на новом русле. Кардинальные изменения в системе высшего образования начались с 1995 по 2005 годы. В эти годы в системе высшего образования резко повысилось количество частных учебных заведений и образовалась конкурентная среда. Рост количества объектов высшего образования повлиял на качественные показатели образовательной деятельности. В связи с этим с 2005 года со стороны государства начались приниматься меры по оптимизации количества высших учебных заведений. В частности, были внедрены единое национальное тестирование, промежуточный государственный контроль и внешняя оценка учебных достижений.

Эти меры показали положительные результаты в оценке уровня качества образования. На сегодняшний день оптимизация количества объектов высшего образования становится актуальной проблемой. В данной статье обозначены проблемы и предложены пути совершенствования государственного регулирования решения.

Ключевые слова: высшее учебное заведение, образовательная система, качество образования.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін қалыптастыру және дамыту білім беру саласындағы ұлттық дәстүр мен әлемдік тұжырымдамалар негізінде жүзеге асырылады. Жоғары білім беруді дамытудың басты тұжырымдамасы білім беруге арналған мемлекеттік монополиядан бас тарту болып табылады. Нәтижесінде республикада мемлекеттік және мемлекеттік емес жоғары оқу орындары тең құқықта жұмыс істейтін білім беру қызметтері нарығы қалыптасты. Бұған 1991 жылы Қазақстан Республикасында 55 жоғары оқу орны жұмыс істегені, ал 2001 жылға қарай олардың саны 182-ге жеткендігі дәлел болады. Осылайша бәсекелі орта құрылды, ал экономиканың көшпелі жағдайында жастарды жоғары оқу орындарында жаппай оқыту олардың жұмысқа орналасу проблемасының өзектілігін төмендетті. Алайда қазіргі уақытта Қазақстан жоғары білімді жаппайландыру бойынша әлемдік қарқынды басып озды. Қазақстан 10000 тұрғынға шаққанда студенттер саны бойынша ТМД мемлекеттері арасында көш бастап тұр және 497 адамды құрайтынын атап өткен жөн. Салыстыру үшін: Ресейде – 480, АҚШ-та – 494, Польшада – 466, Венгрияда – 330, Италияда – 314, Германияда – 262 адам. Дамыған елдерде орта есеппен 1 миллион тұрғынға 1-6 жоғары оқу орнына дейін келеді. Осы өлшем бойынша біздің елде жоғары оқу орны 17-ден 102-ге дейін болуы керек. 2013 жылы Қазақстанда 136 жоғары оқу орны болды, оның ішінде ұлттық – 9, мемлекеттік – 33, акционерлік – 16, азаматтық емес – 13, Назарбаев университеті, халықаралық (ХҚТУ) – 1, жекеменшік – 63. Көріп отырғандай, осы көрсеткіш бойынша да Франция, Ұлыбритания, Германия, Жапония мен Ресейдің алдында келеміз. Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындары санының динамикасы 1-суретте көрсетілген.

Жоғары оқу орындарының орталығын Алматы қаласы деп атауға болады, онда республикадағы барлық жоғары оқу орындарының үштен бір бөлігі орналасқан (39%), контингенті қазақстандық жоғары оқу орындарындағы барлық студенттер контингентінің 20%-дан астамын құ-

райды. Республиканың екі өңірінде (Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстары) жоғары оқу орындарының 18,9%-ы орналасқан. 14 өңірдің 6-ында 6-9 жоғары оқу орны бар. Бұл барлық жоғары оқу орындарының 23,3%-ын құрайды. 6 өңірде 3-5 жоғары оқу орны бар (13,3%). Астана қаласында жоғары оқу орындарының саны серпінді өсіп келеді (5,6%).

Жоғары оқу орындарының өңірлер бойынша тең бөлінбеуі, бір өңірлердегі жоғары білімді мамандар шоғырлануының жоғарылығы, басқа өңірлерде төмендігі өңірлік еңбек нарығында теңгерімсіздік тудырмай қоймайды. Статистика көрсеткендей, жоғары оқу орындары санының өсуі, ең алдымен, жоғары оқу орындары жүйесінде мемлекеттік емес жоғары оқу орындары санының көбеюіне байланысты. Бұдан білім беру қызметі нарығының дамып, мемлекеттік емес сектордың қылыптасуын байқауға болады [1].

Жоғары оқу орындары санының қарқынды өсу кезеңінде білім беру сапасы мамандар даярлаудың өзекті проблемасының біріне айналады. Мамандар даярлау сапасын арттыру мақсатында республикада, әсіресе соңғы жылдары, білім беруді бақылау мен бағалау бойынша оның сапасына қойылатын талаптарды күшейту шаралары жүргізілуде. Осы мәселе бойынша Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақаласында республикадағы жоғары оқу орындарының желісін оңтайландыру мәселесін қойды. Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2013-2015 жылдарға арналған жоғары оқу орындарының желісін оңтайландыру алгоритмін жасады. Оған сәйкес жекеменшік жоғары оқу орындарының саны 2015 жылға қарай 66-дан 31-ге қысқаруы тиіс. Сонымен қатар, Білім және ғылым министрлігі мемлекеттік жоғары оқу орындарын оңтайландыру жұмысын жүргізеді.

Мұндай шешімдердің барлығы білім беру қызметінің сапасын арттыру мақсатында қабылданған. Өйткені, соңғы жылдары оқытудың ақылы нысанына қарай ауытқу байқалуда. Мысалы,


экономикалық мамандықтар бойынша 97%, заң мамандықтары бойынша 91% және қызмет көрсету мамандықтары бойынша 85% білім алушы ақылы негізде оқуда [2]. Бұл өңірлердегі мамандықтардың жаппайлануы мен қайталануына, кадрларға деген өңірлік қажеттіліктердің дұрыс есептелмеуіне алып келді.

2003-2004 оқу жылынан бастап ҚР БҒМ жоғары оқу орындарына түсу үшін ең төменгі шекті деңгейді жүйелі түрде 40 балдан 70 балға дейін көтерді. (2-сурет).

Бұл мәселелердің барлығы білім туралы заңның жаңа редакциясының жобасында да қарастырылды. Оның негізгі ерекшелігі мемлекеттік реттеу мен бақылау жүйесін демократияландыру болып табылады. ҚР-дағы жоғары мектеп сапасын реттеудің үш компонентті моделінің жүйесінде лицензиялау мен мемлекеттік аттестаттау ведомстволық сипатқа ие. Аккредиттеу рәсімін реформалауды тұ-

жырымдамалық пайымдау оның мазмұнына да қытысты: сандық индикаторлар жүйесінен ауысу, оның ішінде стратегиялық менеджменттің миссиясы мен принциптері негізінде бағалауға ауысу [3].

Жоғары мектепті басқаруды орталықсыздандыру процестеріне қарамастан, республикада жоғары білім беру жүйесін реттеу бұрынғыдай орталықтандырылған сипатқа ие және мәселелердің ауқымды спектрін қамтиды. Олардың арасында: оқу процесін ұйымдастыру тәртібі, студенттер контингентін қалыптастыру, мамандықтар мен білім беру бағдарламалары бойынша даярлау номенклатурасы мен мазмұнын анықтау, жоғары оқу орындарының ресурстарға қолжетімділігін реттеу, оның ішінде жоғары оқу орындары бойынша мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты бөлу, білім беру мекемелері мен басқа да бірқатар мекемелердің білім беру қызметінің сапасын бақылау және бағалау [4].




1-сурет – Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындары санының динамикасы

Қазақстандағы жоғары мектеп жүйесін реформалаудың қазіргі кезеңінде оны дамытудың негізгі оң үрдістері:

- білім беру саласындағы ұлттық дәстүр мен әлемдік үрдістерді үйлестіру негізінде ұлттық білім беру жүйесін жаңғырту;
- «өмірлік білім алу» моделінен «өмірлік білім» моделіне көшу. ҚР-дағы жоғары кәсіптік білім беру мазмұны оның элементтері мен талаптарының бірлігімен, оқытудың барлық сатыларының сабақтастығымен және оларға тең қол жеткізумен, үздіксіз білім беру құрылымымен сипатталады. Бұл өмір бойы білім алу мүмкіндігіне жағдай жасайды.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде, тең құқықта, білім беру қызметтерінің мемлекеттік емес секторы дамыды:

- оқытуды қаржыландыру көздері әртараптандырылды. ҚР азаматтарының жоғары білімге қол жеткізуі, негізінен ақылы білім беру жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Оны барлық меншік нысанындағы жоғары оқу орындары іске асырады және тұлғаның сұранысы мен әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған;
- даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс республиканың экономика салаларында орын алған білім беру қызметтері ұсынысының ма-



2-сурет – Мектеп оқушыларының ҰБТ-ға қатысу нәтижелерінің динамикасы

мандарға деген сұранысқа сәйкестігін реттеудің басты құралы және халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтары мен табыс деңгейі төмен тұрғындар үшін тегін білім беру принципін іске асыратын тетік болып табылады. Мемлекеттік тапсырыс арқылы неғұрлым дарынды жастар іріктеледі, ауыл мектептерінің бітірушілері үшін білімге қолжетімділікті арттыру мақсатында жағдайлар жасалады;

– оқу орындарының дербестігі барынша кеңейеді. Қазақстан Республикасының барлық жоғары оқу орындары үшін білім беру процесін ұйымдастыру қызметіне дербестік беру жоспарлануда.

Сонымен қатар, жоғары кәсіптік білім беруді реформалау қазіргі уақытта да өзінің өзектілігін жоғалтпай отырған бірқатар проблемаларды тудырды. Олардың ең маңыздылары мыналар болып табылады: ҚР-ның жоғары мектеп жүйесіндегі динамикалық өзгерістерді реттеудің нормативтік құқықтық базасының жетілмеуі, жоғары білімді кадрларға деген сұраныс пен ұсыныстың әртүрлі, салалық және аумақтық құрылымдарының теңгерімсіздігі, жалпы республика бойынша жоғары білікті кадрлар даярлау сапасы деңгейінің төмендігі [5].

Соңғысы жекеменшік жоғары оқу орындарының қызметін мемлекеттік реттеу шараларының шынайылығымен, мемлекеттік білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын дамытуды қаржыландыру қаражаты-

ның жеткіліксіздігімен, білімнің диплом алуға бағдарланғандығымен және білім беру сапасын басқарудың барлық деңгейінде әлеуметтік әріптестік нысандарының дамымағандығымен байланысты.

Осы және басқа да концептуалдық-бағдарламалық, нормативтік құқықтық, ұйымдастыру-әдістемелік, әкімшілік, қаржылық-экономикалық сипаттағы проблемалар қазіргі уақытта жоғары білім беруді дамытуды мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарын және оның сапасын қамтамасыз етуді анықтайды [7].

Жоғары кәсіптік білім берудің ұлттық жүйесінің даярлаудың үш деңгейлі моделіне көшу үрдісі және осы бағытта жеткілікті тәжірибесі бар қазақстандық жоғары оқу орындарын жүйелендіру білім туралы заңның жаңа редакциясының жобасында білім беру деңгейлерін қайта қарастыру ретінде көрініс тапқан. Қазіргі уақытқа дейін жоғары білімді іске асырудың негізгі формасы бакалавриат болып саналады. Магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша даярлау жоғары оқу орнынан кейінгі нысандар болып табылады.

Осылайша, жоғары кәсіптік білімнің құрылымы мен олардың қызмет бағыттары заңнамалық тәртіппен сәйкестендірілуде. Бұл республикадағы жоғары оқу орындарын біріздендіруге, реттеуге және құрылымы бойынша да, жұмыс істеу мазмұны бойынша да біркелкі етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Омаров А.Д. К новому качеству специалистов // Современное образование. – 2013. – №2.
- 2 Есполов Т.И. Президент білім қоғамына бастайтын жолды көрсетті // Современное образование. – №3. – 2012.
- 3 В МОН РК назвали причины низкого уровня образования в Казахстане. www.edu.gov.kz
- 4 Национальный отчет по развитию образования Республики Казахстан. www.edu.gov.kz
- 5 Жұмағұлов Б.Т. Білім беру жүйесін жаңғырту – адам капиталын сапалы өсірудің басты бағыты. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінде сөйлеген сөзі. Астана, 2012 жылғы 24 тамыз. www.edu.gov.kz
- 6 Нурсейт А.Ш. Оптимизировать вузы без ущерба приему студентов. www.obrazovanie.kz
- 7 Каланова Ш. Обеспечение качества образования в Казахстане // Электронный журнал об образовании. www.akvobr.ru
- 8 Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының білім сапасы. www.agencyrating.kz

References

- 1 Omarov A.D. K novomu kachestvu specialistov // Sovremennoe obrazovanie. – 2013. – №2.
- 2 Espolov T.I. Prezident bilim kogamina bastaitin joldi korsetti // Sovremennoe obrazovanie. – №3. – 2012.
- 3 V MON RK nazvali prichiny nizkogo urovni obrazovania v Kazakstane. www.edu.gov.kz
- 4 Nacionalniy otchet po razvitiyu obrazovania Respublike Kazakstan. www.edu.gov.kz
- 5 Jymagylov B.T. Bilim bery jyiesin jangirty – adam kapitalin sapali osirydin basti bagiti. Bilim bery kizmetkerlerinin tamiz kenesinde soilegen sozi. Astana, 2012 jilgi 24 tamiz. www.edu.gov.kz
- 6 Nurseit A.Sh. Optimizirovat vizu bez usherba priemu studentov. www.obrazovanie.kz
- 7 Kalanova Sh. Obecpechenie kachestva obrazovania v Kazakstane // Elektronnyi gurnal ob obrazovanii. www.akvobr.ru
- 8 Kazakstannin jogargi oky orindarinin bilim sapasi. www.agencyrating.kz